

2025 жылғы мемлекеттік қызметтер туралы есеп.


1. Жалпы ережелер.

* Көрсетілетін қызметті берушілер туралы мәліметтер: "Ақмола облысы Білім басқармасының Зеренді ауданы бойынша білім бөлімінің Чағлинка станциясының негізгі орта мектебі" КММ, ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдары. Заңды мекенжайы Чағлинка станциясы, Школьная көшесі, 1А.

* Мемлекеттік қызметтер туралы ақпарат:

"Ақмола облысы Білім басқармасының Зеренді ауданы бойынша білім бөлімінің Чағлинка станциясының негізгі орта мектебі" КММ саласында 5 мемлекеттік қызмет көрсетіледі.

2025 жылы 70 қызмет көрсетті;



"Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы арқылы көрсетілген - 1 қызмет;

электрондық нұсқада мемлекеттік қызмет көрсетілді - 15 қызмет;

қағаз нұсқада көрсетілген мемлекеттік қызметтер - 54 қызмет.


көрсетілетін қызметті алушымен тікелей байланыссыз көрсетілетін қызметті берушінің ақпараттық жүйелері арқылы электрондық түрі ("Электрондық үкімет" веб-порталын қоспағанда www.egov.kz, www.elicense.kz) - 0 қызмет.

көрсетілетін қызметті берушінің ақпараттық жүйелері арқылы көрсетілетін қызметті алушымен тікелей байланыс және ақпараттық жүйеге өтінімді қолмен енгізу арқылы электрондық түр ("электрондық үкімет" веб-порталын қоспағанда www.egov.kz, www.elicense.kz) - 0 қызмет.

Білім беру саласындағы барлық мемлекеттік қызметтер тегін негізде көрсетіледі.

2024 жылы 40 қызмет көрсетті;

2024 жылға қызмет көрсету



"Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы арқылы көрсетілген - 5 қызмет;
электрондық нұсқада көрсетілген мемлекеттік қызметтер 25 қызмет;
көрсетілген мемлекеттік қызметтер қағаз нұсқада көрсетілген – 10 қызмет.

көрсетілетін қызметті алушымен тікелей байланыссыз көрсетілетін қызметті берушінің ақпараттық жүйелері арқылы электрондық түрі ("Электрондық үкімет" веб-порталын қоспағанда www.egov.kz, www.elicense.kz) - 0 қызмет.

көрсетілетін қызметті берушінің ақпараттық жүйелері арқылы көрсетілетін қызметті алушымен тікелей байланыс және ақпараттық жүйеге өтінімді қолмен енгізу арқылы электрондық түр ("электрондық үкімет" веб-порталын қоспағанда www.egov.kz, www.elicense.kz) - 0 қызмет.

Неғұрлым талап етілетін мемлекеттік қызметтер туралы ақпарат:

Білім беру саласында неғұрлым талап етілетін мемлекеттік қызметтер:

"Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары арасында балаларды ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау";

"Азаматтардың жекелеген санаттарына, сондай-ақ қорғаншылықтағы (қамқоршылықтағы) және патронаттағы адамдарға, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне тегін тамақ беру";

"Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдікпен тамақтандыруды ұсыну";

"Мектепке дейінгі ұйымдарға жіберу үшін мектеп жасына дейінгі (6 жасқа дейінгі) балаларды кезекке қою";

"Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау".

2. Көрсетілетін қызметті алушылармен жұмыс:

* Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы ақпаратқа қол жеткізу көздері мен орындары туралы мәліметтер.

Көрсетілетін қызметті алушылар үшін барлық қажетті ақпарат ресми интернет ресурста орналастырылған <https://zeren-oshchaglinka1.edu.kz/> "Ақмола облысы Білім басқармасының Зеренді ауданы бойынша білім бөлімінің Чаглинка станциясының негізгі орта мектебі" КММ «мемлекеттік қызметтер» бөлімінде мемлекеттік қызмет көрсету ережелері орналастырылған. Сондай-ақ, ақпараттық стендтерде мемлекеттік қызметтердің стандарттары мен ережелері орналастырылған. Өзіне-өзі қызмет көрсету бұрыштары жұмыс істейді.

* Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің жобаларын жария талқылау туралы ақпарат.

Қазіргі уақытта заңға тәуелді құқықтық актілердің жобаларын жария талқылау ашық нормативтік құқықтық актілердің интернет-порталында жүзеге асырылады. Білім бөлімі мен ведомстволық бағынысты ұйымдар Нормативтік құқықтық актілерді әзірлемеген.

* Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің ашықтығын қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралар (түсіндіру жұмыстары, семинарлар, кездесулер, сұхбаттар және басқалар).

Ай сайынғы негізде көрсетілетін қызметті берушілердің БАҚ, интернет-ресурстары арқылы мемлекеттік қызметтерді ұсыну тәртібі туралы халықты хабардар ету бойынша жұмыс жүргізіледі.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерістерін жетілдіру жөніндегі қызмет.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту және Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатында аудандағы барлық мектепке дейінгі, орта, білім беру ұйымдары бірыңғай ақпараттық жүйеде жұмыс істейді Akmola.kz. жүйеде 4 автоматтандырылған мемлекеттік қызмет іске асырылады.

Сондай-ақ, 2022 жылдан бастап барлық білім беру ұйымдарында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ҚР ПМ ММ АЖО жүйесі жұмыс істейді, онда 23 мемлекеттік қызмет қолжетімді.

* Мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы қызметкерлердің біліктілігін арттыруға бағытталған іс-шаралар.

Мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы қызметкерлердің біліктілігін арттыруға бағытталған іс-шаралар. Білім беру саласында қажетті компьютерлік техникамен қамтамасыз етілген 2 қызметкер мемлекеттік қызмет көрсетеді.

4. Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бақылау.

Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті алушылардың шағымдары туралы ақпарат.

* 2025 жылы Мемлекеттік қызмет көрсету туралы шағымдар түскен жоқ.

* Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын ішкі бақылау нәтижелері.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызметтер саласындағы заңнамасын сақтау мәселесі бойынша бекітілген бақылау іс-шараларының жоспарына сәйкес 5 білім беру ұйымдарында бақылау іс-шаралары өткізілді. Бақылау іс-шараларын жүргізу кезінде бірқатар ұйымдарда бақылау іс-шаралары барысында жойылған жекелеген сәйкессіздіктер байқалды. Жалпы, олар көрсетілген мемлекеттік қызметтердің сапасына әсер еткен жоқ. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдерін бұзу және негізсіз бас тарту анықталған жоқ.

* Мемлекеттік қызмет көрсету сапасына қоғамдық мониторинг нәтижелері.

Қоғамдық мониторинг нәтижелеріне сәйкес, 2025 жылы Мемлекеттік қызмет көрсету сапасына мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдерінде бұзушылықтар анықталған жоқ. Мемлекеттік қызметтердің бұзылуына жол бермеу бойынша шаралар қабылдануда.

5. Көрсетілетін қызметті алушылардың мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына одан әрі тиімділігі мен қанағаттанушылығын арттыру перспективалары.

Көрсетілетін қызметті алушылардың қанағаттанушылығын арттыру және мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттыру мақсатында 2026 жылға ҚР заңнамасын сақтау мәселесі бойынша бақылау іс-шараларының жоспары бекітілді.

2026 жылы білім басқармасы және ведомстволық бағынысты ұйымдар жеке және заңды тұлғаларды қолжетімді және сапалы мемлекеттік қызметтермен қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты жалғастыратын болады.

Мектеп директоры:



М.К.Мамбетова